

ЖОСПАР

Кіріспе.....	3
I-тарау. Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының мәні мен маңызы.....	4
1.1. Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының мәні және мағынасы.....	4
1.2. Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысын ұйымдастырудың негіздері.....	8
1.3. Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қорлары.....	12
II-тарау. Кәсіпорындар мен ұйымдардағы қаржы және валюта қоры	16
2.1. Тұтынуға жұмсалатын қаржыны реттеу.....	16
2.2. Кәсіпорындар мен ұйымдардың валюта қорлары.....	17
2.3. Кәсіпорындар мен ұйымдар меншігін өзгертудің қаржылық астары.....	18
III-тарау. Меншік формалары және олардың кәсіпорындар қаржысын ұйымдастыруға ықпалы.....	20
3.1. Бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы.....	20
3.2. Кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы	21
3.3. Қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындар қаржысы.....	22
Қорытынды.....	24
Қолданған әдебиеттер тізімі.....	26

Кіріспе

Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілер табыс (пайда) алу мақсатында құрылады. Олар өзінің қызметін мынадай нысандарда жүзеге асыра алады: мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар; шаруашылық қоғамдар мен серіктестіктер; өндірістік кооперативтер. Коммерциялық негіздерде материалдық өндіріс сферасы кәсіпорындарының басым бөлігі және материалдық емес сфера ұйымдары мен мекемелерінің едәуір бөлігі жұмыс істейді: коммерциялық банктер, сақтық ұйымдары, қаржы секторының басқа мекемелері (жынақ ақша-депозит мекемелері, инвестициялық қорлар, қор биржалары, бағалы қағаздар рыногі мен ақша-кредит рыноктеріне қызмет көрсететін әр түрлі мекемелер), сауда-ағдалдық кәсіпорындар, ерікті қоғамдық қорлар, трастық компаниялар және басқалары.

Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы қаржы жүйесінің маңызды сфераларының бірі ретінде құн түріндегі ЖІӨ-н жасау, бөлу және пайдалану процестерін қамтиды. Олар негізінен ЖІӨ мен ҰТ жасалатын материалдық өндіріс сферасында іс-әрекет етеді.

Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы деп өндірістік капиталдарды қалыптастыру, өнім өндіріп, оны өткізу, меншікті қаржы ресурстарын жасау, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды айтады.

I-тарау. Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының мәні мен маңызы

1.1. Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының мәні және маңызы

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысының өзіндік мәні және көрінісінің сыртқы формалары бар және олар сан алуан. Олардың беріктілігі бірқелкі емес. Қаржының сыртқы формалары жиі өзгертілуде. Мысалы, кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен қарым-қатынас формасы жиі өзгертіліп, жетілдірілуде. Көп арналы төлемдерден пайда салығына көшіріледі: қаржының бюджеттен шаруашылық мұқтаждарын қаржыландырудың кері қозғалысы өзін-өзі қаржыландырумен ауыстырылды: кәсіпорындардың ішкі қаржы қозғалысының формалары өзгереді: бұл қатынастар нормативтік сипат алып, шаруашылық коммерциялық негіз алуға. Қаржы ресурстарының құрылымы, әдістері, жұмсау бағыттары да өзгеруде. Қаржының мәні де өзгеруде, ол өндірістік қатынастары, олардың даму барысы, мемлекеттің шаруашылық, мәдени, әлеуметтік өмірдегі рөліне байланысты. Қаржы қатынастары, ең алдымен, бөлістік қатынастар. Олардың бөліс жүйесінің өзгерістерге ұшырап, өндірістің тиімділігін ынталандыруданы рөлі артуда. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлу әдістері мен формаларының өзгеруі кәсіпорындардың мемлекеттік бюджетпен және несие жүйесімен нарыққа алу процесінде қаржы қатынастарын өзгертіп, олардың ғылыми-техникалық прогресті жеделдету өндірістің өнімділігін арттыруда ынталандырушы рөлін баса көрсетуде.

Кәсіпорындар қаржысының мәні жөнінде әзірге ортақ пікір жоқ. Кәсіпорындардың қаржысын айқындайтын экономикалық қатынастар жүйесіне не кіреді? Бірқатар ғалымдар тауарларды сатып алу, сату кезінде және еңбекақы кезінде пайда болатын ақша қатынастарын қаржы қатынастары деп қарауға болмайды: өйткені олар бұл қатынастардың элементтері емес деседі. Алайда өндірістік қамданы жақтаушылар керісінше пікірде.

Өйткені өндірістегі қаржы қатынастары ұдайы өндірістің кезеңдерін көрсететін экономикалық категория. Мысалы, айырбас кезінде өнімді өткізуден түскен түсімнен өнім беруші кәсіпорын тұтыну және қорлану қорларын құрайды. Оның барысында өнім беру шартының талаптары орындалмаса, екі жақ бір-біріне қарыз болса, тиісті қаржы айыптары қолданылады. Еңбекақы, сыйлықтар төлеу барысында тұтындаған ақша қатынастары арнайы қорлар құрып, жұмсау арқылы жүргізіледі. Өндіріс қандасын жақтаушылар қаржы қатынастары өндіріс процесінің барлық кезеңін қамтиды деп санайды.

Осыған байланысты кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысын бөлу, бақылау және ұдайы өндіріс қызметін орындауды деп тұжырымдауға болады. Ұдайы өндіріс қызметінің мазмұны жәй және ұлғаймалы ұдайы өндіріс кезінде материалдық және қаржы қозғалыстары айналымын қамтамасыз ету. Бұл үшін кәсіпорын өндіріс жоспарлары, болжамдары негізінде өнімдерді өткізу, нақты мерзімдерге сай белгіленген экономикалық нормативтерді, кірістер мен шығыстар көлемдерін белгілейді, шығындардың меншікті қаржы есебінен, уақытша алынған басқа кәсіпорындар мен өз қызметкерлерінің қаржысы банк несиелері, айрықша жағдайда бюджет есебінен ақталуын анықтайды.

Кәсіпорындар қаржысының бөлу қызметінің ерекшелігі – жиынтық қоғамдық өнімнің құны айналым қаржысы процесінде белгіленген экономикалық нормативтер негізде бөлінуі. Мұның өзі ұдайы өндіріс процесінде құнның бөліске және қайта бөліске түсуіне қаржының қатысуын анықтайды. Ақшалай бюджеттермен қорлардың экономикалық негізінде бөлінуі қаржының ұдайы өндірістегі қызметінің басты шарты.

Бөліс - өндіріс пен тұтынуды байланыстыратын бұрын. Бұл процесс кәсіпорындармен бірлестіктердің жұмсаған өндіріс құрал-жабдықтарды толықтыруға және пайданы құрауға пайдаланған өнімдерді өткізуден түскен ақшалай табыстар алу жолымен жүреді. Пайданың бір бөлігі қайта бөлу барысында орталықтандырылған қорларға – мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорларға түсіп енді бір бөлігі шаруашылықтың

қарамағында еңбексіз, әлеуметтік мұқтаждар, өндірісті ұлғайту және дамыту жөнінде шығындарды қаржыландыруға түседі.

Қаржы және несиелік органдармен іс-қимыл барысында бюджет аясындағы міндеттемелердің орындалуы, банк несиелерінен алынуы, қайтаруы кезінде бақылау жүзеге асырылады.

Кейбір экономистер кәсіпорындар қаржысына үш қызмет жүктейді:

- 1) ақшалай ресурстары мен айналым қаражаттарына қызмет көрсету;
- 2) ақшалай табыстарды бөлу;
- 3) кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметіне бақылау жасау.

Халық шаруашылығы салалары, бірлестіктері, кәсіпорындардың экономикалық қызметі саласында өндірістік қатынастардың өзіндік ерекшеліктері, қаржы қатынастарының басқа ақша қатынастарымен астасуы, олардың өндірістік қорлар айналымымен тығыз байланысы, кейбір ғалымдардың пікірінше, халық шаруашылығы салалары, бірлестіктері, кәсіпорындары қаржысының жалпы мемлекеттік қаржыдан ерекшеленуіне әкеп соғады.

Олардың пікірінше, егер бұрынғы кәсіпорындардың ақша қатынастарының бүкіл жиынтығын қосса, халық шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының ақша шаруашылығын – дербес экономикалық категория ретінде өмір сүруі туралы мәселе қояға болады.

Қаржы саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың сан қимыл қатынастары ірілендірілген топтарда жинақталады: бұл қатынастар ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесінде мыналардың арасында пайда болады:

Мемлекет пен өндірістік кәсіпорындар арасында мемлекеттік бюджеттен қаржыландырғанда, сондай-ақ

бюджетке төлемдер төлегенде, валюта қорларына қалыптастырғанда;

өндірістің кәсіпорындар және олардың жоғарғы ұйымдары пайданы табыстарды, қорларды қайта бөлгенде жылдық төлемдер жөнінде;

шикізат, материалдар, отын, т.с.с. төлеу үшін өзара қатынастарға түскен әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдар арасында;

кәсіпорындар мен ұйымдар арасында акциялар мен құнды қағаздар шығару және өткізу кезінде бірлескен кәсіпорындар құру барысында несиелеу мен үлестік қатыста;

кәсіпорындар мен несие жүйесі және қысқа мерзімді несиелер берілгені үшін проценттер төлегенде және т. б.

Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының негізгі белгілері:

1) қаржы қатынастарының көп қырлылығы, олардың формалары мен мақсатты арналымының сан алуандылығы;

2) өндірістік қорлардың міндетті болуы, олардың құралуы, тұрақты толықтыруы, көбеюі, бөлінуіне байланысты қатынастар туындауы. Өндірістік қорлар - өндірістің серпінді элементтері. Олар, өндірістің өзі сияқты, ұдайы қозғалыста болады: оның үстіне құн формалары үнемі өзгереді. Кәсіпорынның өндірістік қорлары оның қызметі кезінде материалдық-заттық және ақша формасы қалады;

3) жоғары белсенділік, кәсіпорынның шаруашылық қызметінің барлық қырларында ықпал жасау мүмкіндігі.

Сөйтіп, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы – қалып шаруашылығындағы ақшалай табыстарды, жинақтарды және қорларды жасауға, бөлуге және пайдалануға байланысты туындайтын экономикалық қатынастар.

1.2 Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысын ұйымдастырудың негіздері

Кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастырудың принциптері ортақ. Оның бірыңғайлығы өндірістердің ортақ мақсат-міндеттерімен және оның дамуының ортақ экономикалық заңдарымен анықталады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысын ұйымдастырудың негізгі принциптері: шаруашылық есеп, жоспарлылық, меншіктің барлық формаларының теңдігі, қаржы резервтері. Шаруашылық есеп – негізгі алынатын принцип және кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық қаржы қызметін жүргізудің басты әдісі. Мемлекеттік және ұжымдық меншіктегі кәсіпорындар мен ұйымдарда “шаруашылық есеп” термині қолданылады, жеке арала меншікте – “коммерциялық есеп” термині бар. Бұл ұғымдар экономикалық мағынада мәндес.

Шаруашылық есептің мәні кәсіпорынға оның қызметіне қажетті, жарғы қорын құрайтын негізгі және айналым қаржысы бөлінеді. Шаруашылық жүргізу әдісі ретінде шаруашылық есеп шаруашылық қызметінің табыстары мен шығындарын бірыңғайландыруды қарастырады.

Қазіргі уақытта шаруашылық есеп әдісі тұтынушыға қызмет етіп, кәсіпорындар мен халықтың сұранымын қанағаттандыру, қатаң тәртіп, мемлекет қамтамасыз еткен ресурстарды төлеу, өндірісті жаңарту және ұлғайту, бюджет алдындағы міндеттемелерді сөзсіз орындау.

Коммерциялық есеп принципі кәсіпкерлік формасында жүзеге асырылады. Нарықтық қатынасты дамыту барлық меншік формаларының деңгейі принципін іске асыру негізінде азаматтардың шаруашылық инициатива мен іскерлік көрсетуіне жағдай жасайды. Кәсіпкерлік – тәуекелге бей байлап, табыс табуға ұмтылған азаматтардың жеке, дербес іс-қимылдары. Кәсіпкерлік өз ұжымдарын құра алады.

Шаруашылық есептің негізгі принциптері - өзін-өзі ақтау және өзін-өзі қаржыландыру.

Өзін-өзі ақтау – шаруашылық есептің басты принципі, яғни кәсіпорын тиімді өткізген табысты есебінен өндірістік шығындардың ақталуы. Өзін-өзі ақтаудың төменгі шегі шығынға батпау. Алайда нарық жағдайында кәсіпорындар рентабельді жұмыс істейтін. Өйткені болашағы зор шаруашылықтарға ғана көмек көрсетіледі.

Банктер бюджет, несие берушілердің алдына қойған міндеттемелері мен талаптарын қанағаттандыра алмаған кәсіпорындар белгілі бір шаралар қолданылған соң сауықтыру, қайта құру, жою немесе сату күйіп кетті деп жарияланады.

Өзін-өзі қаржыландыруға өзін-өзі ақтау кіреді. Одан айырмашылығы өндіріс шығындарын ақтаумен қатар нормативтік пайда алынуын көздейді. Табыс көздері мен қосымша қаржы есебінен кәсіпорын техникалық қайта жарақтану, өндірісті жаңғырту және ұлғайту, өндірістік емес құрылыс ұжымдардың әлеуметтік мұқтаждарды, енбекақы мен ынталандыру қорларын құру, ғылым мен техниканы дамыту және басқа шығындарды жабуды қамтамасыз етеді. Өзін-өзі қаржыландыру кезінде бүкіл қаржы /пайда және табыс, амортизациялық түсімдер және т.с.с./ кәсіпорындардың қарамағында қалады әрі тартып алынбайды /мемлекеттік бюджеттен жіберілімдер мен басқа да міндеттемелерден өзге/. Екіншіден, орталықтандырылған көздердің қаржысы оларға бөлінбейді, кәсіпорындар өздерінің дамуын тек меншікті және қарыз қаржы есебінен іске асырады. Мұның өзі басшылары белгілі бір шешімдерді қабылдау үшін қолда бар қаражаттарды тиімді пайдалану мүмкіндіктерін жан-жақты талдауға мәжбүр етеді.

Шаруашылық есептің тағы бір қарды дербестігі, кәсіпорын негізгі және айналым қаржысын неғұрлым мол пайда табу үшін ұтымды пайдаланып, оның бір бөлігін материалдық пайдалануға, өндірісті ұлғайтуға және шаруашылық қажеттерге пайдаланады.

Сонымен қатар шаруашылық есепке жоспарлар, шарттар қаржы міндеттемелерінде қарастырылған қаржы жауапкершілігі де кіреді: олар орындалмаса, мерзімі бұзылса,

көлемі мен апасы сәйкес келмесе, кәсіпорын материалдық жауапкершілік артады - айыппұлдарын төлейді.

Шаруашылық есеп талаптарының бірі – қаржы мүдделігі қызметкерлерді материалдық ынталандыру мен өндірісті дамыту үшін кәсіпорынның қаржы ресурстарын пайдаланудан көрінеді. Мұның өзі олардың болашақ мүдделеріне көрініс табады; кәсіпорындардың ұжымдарын қаржы жағынан ынталандырудың қуатты тұтқасы өздері жинаған қаржы есебінен әлеуметтік-мәдени мақсаттарға арналған шығындар.

Қаржы жауапкершілігі мен мүдделілігі – шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттырудың ынталандыру шараларын құру және жүзеге асыру.

Сөйтіп экономиканың негізгі буынында кәсіпорындардағы екі экономикалық категорияның – қаржының және шаруашылық есептің өзара байланысы көрініс табады.

Жоспарлылық принципі өндірістің мақсат-міндеттері, оларға қол жеткізу әдістері, мерзіміне қарай алдын ала есептеу жолдарымен кәсіпорынның қаржы қызметі жүзеге асатынын білдіреді. Есептеулердің негізінде және белгіленген қаржы нормативтерін пайдаланып, қаржы көрсеткіштерін анықтайды. Олар арнайы құжат – қаржы жоспарында бейнеленеді.

Кәсіпорынның алдағы қызметіндегі бағдары бұлдыр болса, жоспарлар – қаржы көрсеткіштері тәптіштепте пысықталмай-ақ қолда бар нақты мәліметтер жиналып, ғылыми өңделеді, яғни болжам жүргізіліп, кәсіпорынның қаржылық даму болжамы жасалады. Болжам бағаланып, кәсіпорындардың шаруашылық қызметі нұсқалары бойынша шешім қабылдауға негіз болады.

Нарыққа көшу, экономикалық тұрақсыздығы жағдайында қаржы жоспарлары мен болжалдары қысқа мерзімге жасалады.

Кәсіпорын неғұрлым ірі шаруашылық құрылымына ексе кәсіпорындардың қаржы жоспарлары көрсеткіштері бұл ұйымдардың жиынтық қаржы жоспарларына енгізіледі.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың барлық меншік формаларының теңдігі принципі мемлекеттің барлық меншік

формаларының дамуына кепілдігі нәтижесінде жүзеге асырылады. Меншік иесі өз мүлкін қалағанынша пайдаланып, заңға қайшы келмейтін кез келген іс-қимыл жасайды.

Кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастырудың тағы бір принципі қаржы резервтерінің болуы. Ол барлық деңгейінде – бастапқы өндірістік буында да, одан жоғары буындарында болады. Қаржы резервтері әртүрлі әдіспен - өндірістік және әлеуметтік даму қорларының көлеміне қарай, табыс және пайдадан түсімдер жіберу арқылы тұрақты нормативтер бойынша құралуы мүмкін. Қаржы резерві уақытша қаржы қиыншылығын жойып, шаруашылықтардың қызметіне қалыпты жағдай қамтамасыз ету және өндірістік, әлеуметтік даму шынындарын қаржыландыруға арналған.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қатынастары сан алуан заң актілерімен, Президенттің жарлықтарымен, Жоғары Кеңестің қаулыларымен реттеледі. Олардың ішінде: кәсіпорындар туралы, шаруашылық қызметтің еркіндігі мен кәсіпкерлікті дамыту туралы, меншік туралы, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы, банкроттық туралы, банктер мен банк қызметі туралы, сыртқы экономикалық негізгі принциптері туралы, шет елдік инвестициялар туралы, еркін экономикалық аймақтар туралы, шаруа қожалықтары туралы және т.б.

Көп салалы мемлекеттік және кәсіпкерлік құрылымдарды қамтитын өндірістік-қаржы топтары шикізат, материал жөніндегі және басқа қажеттерін өздері қамтамасыз етіп, өздерінің және халықтың бос қаржысын біріктіреді. Мұндай өз бетімен дамытын жүйелер мемлекеттің жүгін жеңілдетіп, өндірістік материалдық-техникалық жабдықтауды жақсартады. Сөйтіп өндіріс процесі демократияландырылады, өндірушілердің қаржы жөнінде дербестігі, кәсіпкерліктің еркін бәсекесі жағдайында шаруашылық жүргізудің түпкі нәтижелеріне жауапкершілігі артып, халық шаруашылығында өндірістің сан алуандылығын қамтамасыз етіледі.

13. Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қорлары

Кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық қаржы қызметі барысында қаржы қорлары – белгілі бір мақсаттарға арналған қаражат – құралып, пайдаланылады, қорлардағы қаражат үнемі қозғалысқа түседі, жиналады, жұмсалады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы тәжірибесінде әртүрлі қорлар пайдаланылады. Өздерінің қызметтерінің орындалуына немесе экономикалық жағдайдың өзгеруіне қарай кейбір қорлар жойылса кейбір өзгеріп, немесе жеке бөлініп шығады. Ұзақ жылдар бойы кәсіпорындар мен ұйымдарда экономикалық ынталандыру қорлары: материалдық ынталандыру, өндірісті дамыту, әлеуметтік даму, тұтыну қорлары жұмыс істейді. 1992 жылға дейін ұлғаймалы ұдайы өндірісті қаржыландыру және негізгі қорларды жаңарту үшін амортизациялық қор құрылғанды. Министрліктер пен ведомстволарда жалпы салалық шығындарды қаржыландыру, ведомствалық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдарға қаржы көмегін көрсету үшін орталықтандырылған ғылым мен техниканы дамыту қоры, экономикалық ынталандыру, бағаны реттеу қорлары және т.б. құрылып келеді.

Қаржы қорларында кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкі бейнеленеді. Жекелеген қорлардың қозғалысы қаржының көлемін, формасын, пайдалану мөлшерін неғұрлым анық көрсетеді. Сондықтан кейбір қорлар кәсіпорынның қаржы көрсеткіштерін де бейнелеп есептеулер үшін бастапқы мәліметтер ретінде қызмет етеді. Мысалы, кәсіпорынның тұтыну қорының белгілі бір мерзімде жұмсалу мөлшері; кәсіпорындарының бір қызметкеріне шаққандағы мөлшері оның материалдық және әлеуметтік қызметтерін қанағаттандыру деңгейін көрсетеді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі үшін неғұрлым маңызды қорлар: жарғы, қорлану, тұтыну, еңбекақы, валюта, жөндеу қорлары кәсіпорындардың дербестілі жағдайында басқа да мақсатты қаражат қорлары құралады. Мысалы, медициналық сауықтыру, жекешелендіру және т.б.

Жарғы қоры кәсіпорынның мүлкінің бастапқы құнын көрсетеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарда жарғы қоры – меншікті қаражаттың негізгі көзі. Өндірістік қорларды – негізгі және айналым қорларын өндіріс процесінің натуралдық-заттай элементтерін құрауға арналған.

Жарғы қорының мөлшері шаруашылық қызметі процесінде өзгеріп отырады: негізгі қорларға күрделі жұмсалымның жұмсау, пайда есебінен бағалауға дейінгі және басқа толықтырулар нәтижесінде көбейеді; негізгі қаржыны жіберу, шығындарды шығару, тауарлар материалдық игіліктердің бағасын түсіру арқылы кемиді.

Акционерлік қоғамның жарғы қоры құрылтайшылардың жарнасы есебінен немесе жарналарда құрылтайшылар мен қатысушылардың акцияларына айырбастау жолымен құрылады.

Кәсіпорындардың қарамағында қалатын қаржы негізінде, яғни салықтар мен басқа төлемдер төлеген соң кәсіпорындар мен ұйымдар тұтыну және қорлану қорларын құрады.

Тұтыну қоры мыналары қамтиды:

Бүкіл персоналдың өндірістік және өндірістік емес еңбегіне ақы төлеу шығындары;

Ақшалай төлемдер, соның ішінде жылдың қорытындысы бойынша төленетін төлемдер;

Еңбегі үшін көтермелеудің ақшалай және натуралдық формалардағы басқа түрлеріне жіберілетін қаражаттар;

Материалдық көмек;

Еңбек және әлеуметтік жеңілдіктерді белгілеуге жұмсалатын қаражаттар;

Қаржының еңбек ұжымдарының акциялары ұжым мүшелерінің кәсіпорынның мүлкіне қосқан үлестеріне қарай төленетін табыстар;

Басқа да жеке сипаттағы төлемдер.

Сөйтіп, тұтыну қоры еңбекақы төлеуге жіберілетін қаражаттар мен еңбеккерлерді материалдық көтермелеу үшін кәсіпорынның қарамағында қалатын пайданың бір бөлігі және әр түрлі әлеуметтік төлемдер есебінен құралады.

Қорлану қоры мыналардың есебінен қалыптасады:

Кәсіпорын қарамағында қалатын пайда;

Негізгі қорларды қалпына келтіруге жұмсалатын амортизациялық аударымдар;

Шығып қалған мүлікті өткізуден түскен ақша-түсім;

Банктердің несиелері;

Басқа да көздер.

Қорлану қоры:

Ұлғайтпалы ұдайы өндірісті қамтамасыз ету шығындарын қаржыландыруға;

Негізгі және айналым қорларын толықтыруға;

Ғылыми-техникалық прогресті дамытуға, жаңа өнімдерді игеруге;

Табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға, өндірістік инфрақұрылым объектілерін салуға қатысуға.

әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салуға қатысуға пайдаланылады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың тұтыну және қорлану қорларының орнына мынадай қорлар көздерін құрып, пайдалана алады: еңбек ақы, жалақы, өндірісті дамыту, әлеуметтік төлеу.

Еңбек ұжымының ұйғарымымен кәсіпорындар қаржы резервін құрай алады. Оның мақсаты – шаруашылық қаржы жағдайы нашарлаған кезде пайда болған қосымша шығындарды жауып, кәсіпорындарының қаржы жағдайын тұрақтандыруды

қамтамасыз ету. Қор кәсіпорнының тұтыну, қорлану және басқа қорларына жіберілмес бұрын қарамағында болатын табыс немесе пайдасы есебінен құрылады. Кейде жағдайда қордың көлемі шектеледі. Мысалы, оның қаржысы бірлескен кәсіпорындарда жарғы қорының көлемінің 25 пайызына аспауы тиіс.

Қаржы резерві кәсіпорнының қаржы жоспарын әзірлеп, бекітілген кезде нормативтер бойынша пайдадан немесе табыстан құралады.

Қаржы резервінің қаржысы өндірістік және әлеуметтік даму жөнінде қосымша шығындарға, жаңа техниканы әзірлеп, енгізуге, меншікті айналым қаржысын толтыруға жұмсалады.

Жөндеу қоры кәсіпорындарында жөндеудің барлық түрлерін: күрделі, орта және ағымдағы жөндеуді – жүргізуге құрылады. Күрделі жөндеуге жұмсалатын амортизациялық түсімдер жойылған соң жөндеудің барлық түрлері өнімнің жұмыстың, қызметтің өзіндік құны есебінен өтелуде. Кәсіпорындар жөндеу жұмыстарының шығындарына қарай жөндеу қорына аударымдардың нормативін өзі белгілейді. Олардың мөлшері негізгі қорлардың тозуына қарай анықталады. Жөндеу шығындары ішінара алдағы кезеңдер шығындары есебінен жабылуы мүмкін.

II-тарау. Кәсіпорындар мен ұйымдардағы қаржы және валюта қоры

2.1. Тұтынуға жұмсалатын қаржыны реттеу

Реттеу механизмі күшейіп бара жатқан инфляция жағдайында тұтынуға жұмсалатын қаржының жөнсіз өсуін тежеуге, бағытталған. Реттеудің мәні өнімнің өзіндік құнына өнетін еңбек ақы төлеу қаржысының бөлігін белгілі мөлшерде шектеуде.

Өнімге, жұмысқа және қызметтерге – қолданыстағы коэффициенттерді ескер отырып түзетілген ең төменгі жол ақының төрт есе дәрежесінен аспайтын еркін бағаны қолданушы кәсіпорындар үшін;

Осындай дәрежедегі бес еседен аспайтын, тіркелген бағаларды пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдар үшін.

Тұтынуға жұмсалатын қаржының көлемі анықтағанда тұтынуға жұмсалатын қаржының нормаланатын және шартты-өзгермелі көлемі есепке алынады.

Нормаланатын көлемі негізгі қызметте, өнімдердің, жұмыстардың, қызметтердің өзіндік құнына жазылатын бөлігінде істейтін қызметкерлердің нақты орташа айлық еңбек ақысын негізгі персональдағы қызметкерлердің орташа тізімдеме санына көбейтумен есептеледі.

Тұтынуға жұмсалатын қаржының шартты-өзгермелі көлемі өндірістің, жұмыстың қызметтің көлемі салыстырмалды бағалар көлеміне қарай анықталады. Тұтынуға жұмсалатын қаржыны есептеудің базалық көлемі ретінде осы мақсатқа өткен кезеңде жұмсалған шынындар алынады.

Тұтынуға жұмсалатын қаржының базалық көлеміне осы қаражаттардың жалпы көлемі өнеді, соның ішінде аталған тәсілмен нормаланған өндірістік емес сипаттағы әлеуметтік

сфераның жаңадан қосылған объектілері бойынша қызметкерлердің еңбек ақысы.

Тұтынуға жұмсалатын қаражаттарды реттеу механизмі өндірістің түрлі жағдайларына дифференцирланған:

Мерзімдік сипаттағы жұмысы бар немесе табиғат жағдайларына тәуелді кәсіпорындар үшін өндірістің жұмыстың, қызметтің көлемінің базалық дәрежесі өзгермейді.

Тұтынуға жұмсалатын қаражаттарды реттеу мыналарға қолданылмайды: әскери-өндірістік кешеннің кәсіпорындары, ізденуші артельдер, мүтедектер қоғамдары үшін;

Есеп берудің орталықтандырылмаған жүйесіндегі өндірістік шаруашылық есептегі бөлімдердің жіберілімдерінің есебінен жұмыс істейтін концерндер, бірлестіктер және басқа ұйымдар үшін.

Осы қарастырылған механизм тұтастай кәсіпорын бойынша тұтынуға жіберілген қаражаттың жалпы көлемін реттейді. Сонымен бірге өндіріске қосқан жеке үлесі бойынша анықталады, қолданыстағы салықтармен реттеледі, және көлемі жағынан шектелмейді.

2.2. Кәсіпорындар мен ұйымдардың валюта қорлары

Кәсіпорындар мен валюта қорларын пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылы қаңтардың 21-індегі №1092 “1993 жылы Қазақстан Республикасында валюта қорларын қалыптастыру туралы” қаулысымен айқындалады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың ішкі валюта нарығында валютаны сатып алып, шетелдік валютаны валюта аукционында сатқаннан валюта қаражаттары пайда болады.

Қорлар құрау үшін валюта қаржысы өкілеттігі белгіленген банктерде олардың өздері белгіленген тәртіп бойынша валюта несиеcін алу есебінен толықтырылады.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға ортақ міндеттерді шешу үшін ерікті негізде өздерінің валюта қаржысын біріктіру құқығы берілген.

Валюта қорлары ең алдымен еңбек ұжымдарының өндірістік-әлеуметтік дамуына жұмсалады; валютаның бір бөлігі еңбек ұжымдарының шешімімен басқа да қажеттерге жұмсалуы мүмкін. Валюта қорларының қаржысы ізгілік және қайырымдылық көрсетуге де жұмсалады.

Кәсіпорындар мен ұйымдар валюта қорындағы қаржыны өнім берушілерге де бере алады; бұл түсімдердің көлемі шарт негізінде экспорт өнімі өндірісіне қатысушылардың үлесі ескеріліп шешіледі, негізінде экспорт өнімі өндірісіне қатысушылардың үлесі ескеріліп шешіледі.

2.3. Кәсіпорындар мен ұйымдар меншік өзгертудің қаржылық астары

Нарық жүйесіндегі қалыптасуы жағдайында өндіріс тауарларын бөлу, шаруашылық шешімдерін қабылдауда монополизмді жойып, республика аймақтарының томағатұйықтанып, оқшаулануына жол бермеу маңызды.

Бұл мәселені шешу меншік қатынастарын өзгерту, еркін бәсеке мен кәсіпкерлікті дамыту, өндірісті араластыру есебінен қатарлас өндірістік құрылымдар құру бағыттарында жүреді.

Мемлекет иелігінен алып, жекешелендіру барысында меншік формаларының алуан түрі қамтамасыз етіледі. Олардың негізінде материалдық өндіріс саласында шынайы қожайындар пайда болып, кәсіпкерлік саласында шынайы қожайындар пайда болып, кәсіпкерлік пен бәсеке жанданады, түпкі нәтижелерге мүдделі көзқарасты оятуға қажетті алыс шарттар орындалады.

Мемлекет иелігінен алу – шаруашылықты басқару функциялары мен тиісті өкілеттіліктерді мемлекеттен алып,

кәсіпорындарға беру, көлбеу байланыстарды тік байланыстармен ауыстыру; ол меншік иесіне ауыстырмай да жүреді.

Жекешелендіру – заңды мекемелер мен азаматтардың мемлекеттік меншік объектілерін немесе мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акцияларын сатып алуы.

Экономиканы мемлекет иелінен алудың және меншікті жекешелендірудің негізгі формалары мыналар болып табылады:

Кәсіпорындарды ұйымдарды және халық шаруашылығы объектілерін акционерлеу;

Мемлекет мүлкін жалға, ұжымдық меншікке беру;

Жалға, арендалық кәсіпорындарға немесе басқа жалгерлерге берілетін мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін сатып алу;

Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін еңбек ұжымы мүшелерінің сатып алуы;

Мемлекеттік меншік объектілерін концессияға беру;

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың базасында муниципалдық және халықтық кәсіпорындар құру;

Мемлекеттің мүлкін бәсекелік немесе аукциондық негізде заңды мекемелер мен жеке адамдарға сату.

Ұсақ кәсіпорындарды сатуда аукцион және конкурс әдістері пайдаланылады: ортаңға және ірі кәсіпорындар жекешелендірілгенде оларды акционерлік қоғамға, серіктестікке немесе ұжымдық кәсіпорынға айналдыру қарастырылады.

Мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекет иелінен алу мен жекешелендіруден түскен қаржы мемлекет меншігі болып табылады. Жекешелендіруден түскен қаржыны пайдалану тәртібін республика Жоғарғы Кеңесі белгілейді.

III-тарау. Меншік формалары және олардың кәсіпорындар қаржысын ұйымдастыруға ықпалы

3.1. Бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы

Кәсіпкерлік қызметтің тағы бір тиімді ұйымдық-құқықтық формасы шетел фирмалары қатысатын бірлескен кәсіпорындар. Бірлескен кәсіпорындардың қызмет түрлері: өндірістік, сауда, қызмет көрсету. Бірлескен кәсіпорындар заңдарды сақтап, өздерінің жоспарлары, коммерциялық есеп өзін-өзі ақтау, өзін-өзі қаржыландыру негізінде жұмыс істейді.

Бірлескен кәсіпорындар 30 пайыз мөлшерінде салық төлейді: кәсіпорын жойылса оның резерв қорындағы пайдаланылмаған сомасынан сол мөлшерде салық алынады.

Қаржылық қатынастың басым дамытылатын салалары – машина жасау өндірісі, химия, қағаз өнеркәсібі, жеңіл тамақ өнеркәсібі және басқасы.

Қазба байлықтар өндіру мен балық аулаумен айналысатын кәсіпорындардан басқа бірлескен кәсіпорындар алғашқы 2 жыл бойы пайда салығын төлеуден босатылады. Салықтан босату мерзімі өткенге дейін бірлескен кәсіпорын жойылғанда салық сомасы толық көлемде оның қызметінің барлық мерзіміне есептелінеді.

Шығындарды жабу үшін резерв қоры жетіспесе 5 жыл бойы пайданың бір бөлігі салықтан босатылады.

Резерв қорына аударылым жарғы қорының 25 пайызынан аспауы тиіс.

Еркін экономикалық аймақтарда шет елдік және бірлескен кәсіпорындарына елеулі жеңілдіктер берілген.

3.2. Кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы

Экономиканың кооперативтік секторы бірінші ай халық шаруашылығы кешені буындарының бірі. Нарық қатынастары қалыптасуы барысында меншік формаларын дамыту шаруашылық жүргізудің жаңа және дәстүрлі салаларында бұл форманы жандандыруға кең мүмкіндік ашты.

Тұтыну кооперациясы өз мүшелері мен басқа да азаматтардың сауда және тұрмыстық қызмет саласындағы мұқтаждықтарын қанағаттандырады. Олар өндірістік қызметпен де шұғылдануы мүмкін. Тұтыну кооперациясы қызметінің ерекшелігі мүше-пайшылардың кіру және үлес жарналары мен шаруашылық қызметінің пайдасы есебінен жарналары мен айналым қорлары кооперативтің меншігі болып табылатындығында.

Халық шаруашылығындағы кооператив секторының экономикалық әлеуметтік, ұйымдық және құқықтық жағдайы республика заңдарымен реттелуде. Оларда экономикалық іс-қимыл жасау мен өндірісті реттеудің жүйесі қарастырылып, кооперативтерге мемлекеттік басқару органдарының қысымдарынан қорғау кепілдігі беріледі. Шарттық қатынастар бойынша мемлекеттік тапсырыстар алынады. Халық тұтынатын тауарлар өндіретін кооперативтер кәсіпорындармен, ұйымдармен оларға тауарлар беру және қызмет көрсетуге шарт жасайды.

Кооперативтің қаржы жағдайы өнімдер өндіруді арттыруына, еңбек өнімділігін арттыруына, өзіндік құнды төмендетуіне, өнім сомасын арттыруына байланысты. Кооперативтің қаржы ресурстары өнімдер өткізу, амортизациялық түсімдер, мүшелерінің, басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың жарналарынан, несиелер және құнды қағаздар сатудан тапқан табыстарынан құралады.

Кооперативтерге өндірістік-қаржы қызметін жүргізуде кең құқықтар берілуі оларға үлкен жауапкершілік жүктейді. Енді, кооператив шарттарға тек қаражатымен емес, бүкіл

мүлкімен жауап береді. Төлем қабілеті жоқ кооператив жойылады. Ал оның мүлкі барлық міндеттемелері орындалған басқа кооперативке немесе жоғары ұйымға беріледі. Халық тұтынатын тауарлар өндіретін кооперативтердің мүлкі мұндай жағдайда басқа міндеттемелері орындалған соң олардың мүшелері арасында бөлінеді.

3.3. Қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындар қаржысы

Қоғамдық ұйымдар мен олардың қарамағындағы кәсіпорындардың өз табыстары, қорлары болады, қаржы жөнінде толық дербестікке ие. Олар мемлекеттік бюджет алдында негізгі қызметі бойынша қаржы міндеттемелерін атқармайды.

Кірістер мен шығыстар қоғамдық ұйымдардың қызмет саласына қарай айырылады. Ұйымдардың көпшілігінде табыстар кіру және мүшелік жарналардан, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар пайдасының аударылымынан жиналады. Шығармашылық одақтардың қоғамдық ұйымдарында басқа да кіріс көздері бар – мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың арнайы ақшалай аударымдары.

Қоғамдық ұйымдардың кірістері құралында бюджет қаржысы болуы мүмкін ерікті спорт қоғамдарына, дене шынықтыруға сазгерлер мен жазушылардың республикалық және жергілікті одақтарына – олардың аппаратын ұстауға және әкімшілік-шаруашылық шығындары.

Шығыстар баптарында қоғамдық ұйымдардың негізгі қызметіне байланысты шығындар көрсетіледі. Шығындар олардың қызметіне қарай есептеледі.

Аппаратты ұстау;

Күрделі құрылыспен күрделі жөндеу;

әкімшілік-шығармашылық шығындар.

Қоғамдық ұйымдар қарамағындағы шаруашылық есептер кәсіпорындардың түсімдері мен шығындары: пайда, бюджетке пайдаға салынатын салықтың төлемдері, күрделі жұмсалым күрделі жөндеу. Қоғамдық ұйымдардың қаржы жоспары кірістер және шығыстар сметалары түрінде құралады.

Қорытынды

Кәсіпорын экономикасында қаржының бақылау қызметі маңызды рөл атқарады. Есеп пен бақылаусыз шаруашылықты жүргізуге болмайды. Кәсіпорындардың қаржысы басқа да экономикалық тұтқалармен бірге экономиканы жоспарлы басқару, өндірісті ұлғайту, еңбек, материалдық, табиғи, қаржы ресурстарының ұтымды пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Үнем мен ұқыпшылық режимін өмірде дәйектілікпен жүргізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Кәсіпорынның ішінде ғана емес, оның басқа кәсіпорындар, ұйымдар, қаржы-несие мекемелерімен өзара қарым-қатынасында теңге бақылауы пайдаланылады. Кәсіпорын ішінде еңбектің саны мен сапасы, негізгі, айналым мен ынталандыру қорларының құралуы, пайдаланылуы бақылауға айналады. Кәсіпорындардың өзара қарым-қатынастарында берілетін тауарлар, көрсетілген қызметтер орындалған жұмыстар, шарттардың орындалуы бақыланады.

Нарық экономикасына көшу кезеңінде кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыруда елеулі өзгерістер жүреді.

Әкімшіл-өміршіл жүйенің күйреуі, шаруашылық байланыстардың күрт үзілуі, республика халық шаруашылығын басқарудың өзгеруі, жергілікті басқару органдарының ролінің артуы кәсіпорындар арасында тікелей байланыстарды күшейтіп, банк жүйесімен қатынастарды өзгертіп, өзара іс-қимылдың жаңа формаларын қолдануды талап етуде. Бұл процесс салалық құрылымдардан бас тартып жаңа тұрпаттағы құрылымдар құрудан байқалады. Өнеркәсіп-қаржы топтары, көп салалы корпорациялар, концерндер, холдинг компаниялары мұндай құрылымда нарықты қалыптастыру барысында неғұрлым өміршең.

Көп салалы мемлекеттік және кәсіпкерлік құрылымдарды қамтитын өнеркәсіп-қаржы топтары шикізат, материал жөніндегі және басқа қажеттерін өздері қамтамасыз етіп, өздерінің және халықтың бос қаржысын біріктіреді. Мұндай өз бетімен дамытын жүйелер мемлекеттің жүтін жеңілдетіп, өндірістік материалдық-техникалық жабдықтауын жақсарттады. Сөйтіп, өндіріс процесі

демократияландырыламы, өндірушілердің қаржы жөнінде дербестігі, кәсіпкерліктің еркін бәсекесі жағдайында шаруашылық жүргізудің түпкі нәтижелеріне жауапкершілігі артып, халық шаруашылығында өндірістің сан алуандығы қамтамасыз етіледі.

Қолданған әдебиеттер тізімі

1. Ю. Бригхэм, Д. Гапенски «Финансовый менеджмент» М: 1998г
2. Дробозина «Финансы предприятия» М:1999г.
3. Б. Колас «Управление финансовой деятельностью предприятия» М:1997г
4. М. Крейнина «Финансовый менеджмент» М: 1998г
5. В. Мыльник «Инвестиционный менеджмент» М:2002г
6. А.М. Сейткаева «Инвестиционная деятельность» А: 1998г
7. А.Д. Шеремет «Финансы предприятия» М: 1999 г.
8. У. Баймуратов «Иностранные инвестиции в РК: особенности и проблемы» // Транзитная экономика №2, 2002 г.
9. Г. Балахметова «Отраслевой и региональный аспекты привлечения прямых иностранных инвестиций в экономику Казахстана» // Аль-Пари, № 6, 2002г
10. У. Есайдар, А. Усманова Современные тенденции движения инвестиций в мировой экономике. // Транзитная экономика, № 3, 2002г.